

Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-5/6-12 " Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 5С-24/6-14 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 сәуірде 4099 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 наурыздағы № 5С-35/2-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 03.03.2015 № 5С-35/2-15 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Ерейментау аудандық мәслихатының «Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-5/6-12 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-9-196 болып тіркелген, «Ереймен» аудандық газетінде 2012 жылдың 26 мамырында, «Ерейментау» аудандық газетінде 2012 жылдың 26 мамырында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген шешіммен бекітілген Ерейментау ауданында аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

1 тармақтың алтыншы абзацы алынып тасталсын;

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«2. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемдері, коммуналдық

қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері үшін, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеу, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде) ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма р е т і н д е а й қ ы н д а л а д ы .

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының , жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға отбасының (азаматтардың) бір тоқсанда тұтыну төлемінің шекті шығын үлесі, алдыңғы тоқсанда тұрғын үй көмегіне өтініш беріліп, жалпы табысының 15 % шамасында белгіленеді.»;

6 тармақтың төртінші абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

«2) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;»;

6 тармақтың он үшінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

төрағасы

Е.Дүйсен

Е р е й м е н т а у а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң

хатшысы

Қ.Махметов

Е р е й м е н т а у а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң

КЕЛІСІЛДІ

Ерейментау ауданының әкімі

Т.Мұханбеджанов